бағдарламасын, сондай-ақ басқа мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға белсенді түрде қатысады;

- жобаларды таңдау және қаржыландыру кезінде «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, даму институттарымен, мемлекеттік органдармен және жергілікті атқарушы органдармен әрекеттесуді дамытады.

➤ **Компанияның аймақтық дамуы және нарықта болуы**

Компания алдына Қазақстанда теңдестірілген аймақты қатысуды қамтамасыз ететін өзін ұлттық масштабтағы лизингтік Компания ретінде позицияландыру мақсаты қойылады, сонымен қатар ол экономикалық дамудың аймақтық «локомотивін» және желілік «өсу аймағын» айқындайды.

Бүгінгі таңда Шымкент қаласында Компанияның өкілеттігі қызмет көрсетеді. Өкілеттік 20101 бюджеттік бағдарлама аясындағы жобалардың іске асырылуын бақылау жұмыстарын, Компанияның операциялық, презентациялық және имидждік жұмыстарын және Компанияның Оңтүстік Қазақстан облысындағы қызметінің шарттары туралы анықтама беру жұмыстарын өткізуде. ҚР басқа аймақтарында жұмыс фронт-офис қызметкерлерімен орындалады, ал шетел аймақтарында «Қазақстан Даму Банкі» АҚ өкілеттілігімен координация жасалынады.

➤ **Келешектегі институттық дамуын** Компанияның негізгі қызметінің бағыттарына, масштабтарына, өсу қарқынына және ауыспалы нарық конъюнктурасына сәйкес келесі бағыттар бойынша атқару:

- Компанияның нақты функционалдық мамандандыруы және бөлімшелер қызметінің тығыз координациясы бар, мүдделер қақтығысын, бәсекелестіктің ерекшеліктерін және нәтижелерге қол жеткізудің экономикалық ынталандыру принциптерін пайдаланып, ұйымдық құрылымын жетілдіру;
- Компанияның операцияларының өсуіне және оның жұмысының күрделенуіне сәйкес жаңа құрылымдық бөлімшелерді құру және штатты кеңейту;
- қауіп-қатерді басқару жүйесін жетілдіру;
- мемлекеттің, экономика саласының даму тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында, инвестициялық қаржыларды мемлекет арқылы шоғырландыру және басымды етіп қайта бөлу үшін «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мен басқа ұлттық даму институттарының біртұтас және өзара байланысты жүйесін қалыптастыруына қатысу. Мемлекеттің инвестициялық саясатын әрекеттесіп іске асыруға Компанияның тиімді қатысуын қамтамасыз ететін Компанияға қажет жүйенің ұйымдық, ақпараттық және технологиялық элементтерін қалыптастыру.

➤ Ендірілетін және кейінгі уақытта Компаниямен қаржыландырылатын инвестициялық идеялар мен техникалық ноу-хауды іздеу мақсатында **нарықтарды, салаларды, компанияларды зерттеу**. Қазақстан Республикасы көлік инфрақұрылымының жаңартуы бойынша жүргізілетін жұмыс арқасында жылжымалы құрамы, әуе және су көлік нарығының талдауы жүргізіледі.

➤ **Корпоративті басқару жүйесін жетілдіру**

Корпоративті басқару жүйесін жетілдіру Компанияға ішкі бизнес процестерді оңтайландыруға және операциялық қауіп-қатердің пайда болуын алдын алуға мүмкіндік береді. Ұзақ мерзімді перспективада Компания шеттен алып пайдалану барысында капитал нарықтарында артықшылығы және капиталды тиімді бағамен беруге дайын потенциалды инвесторлар қызығушылығы болады. Компанияның корпоративті басқару сапасының жоғары деңгейі Компанияның нарықтық құнының және атқару органы, Директорлар Кеңесі мен Компания акционері арасындағы өзара әрекеттесуінің жоғарылауына ықтимал етеді.

➤ **Компания қызметінің ақпараттық сүйемелдеуі**

Компания қазақстандық және халықаралық қоғам алдында өзін қарқынды дамытын, айқын және жауапты лизингтік институт ретінде позицияландырады. Осы мақсатқа жету үшін, Компания бұхаралық ақпарат құралдарымен және Компания туралы қоғамдық пікір

қалыптастыратын басқа субъектілермен бірігіп белсенді саясат жүргізеді. Лизинг алушыларды ақпараттық сүйемелдеу процесіне бірігіп презентация, серіктестік баспасөз конференциясын, лизинг алушы кәсіпорындар бойынша медиа-тур, қазақстандық және шетелдік техника мен жабдықтар жеткізушілермен ынтымақтастық жүргізу арқылы қатыстыру.

Қазақстанда лизингтік нарық дамуының негізгі тенденциялары:

экономиканың басымды салаларындағы мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру барысында, мемлекеттік лизингтік компаниялардың қызметін интенсивті кеңейту фондында;

- лизингтік портфельдің сапасына үлкен назар аударылады;
- 2009 жылы нарықта «Казагрофинанс» АҚ, «Астанафинанс» АҚ, «БРК-Лизинг» АҚ жетекші болды, олардың лизинг нарығында өзінің белгілі орны және тұрақты қаржылық жағдайы бар. Жетекшілік позицияға бюджеттік несиелік қаржыны тартуға мүмкіндігі бар мемлекеттік лизингтік компаниялар шығуда;
- қазіргі постдағдарыстық шарттар нарықтың түзетуіне әкеліп соғады, ірі және қаржылай мықты компаниялар өз позицияларын күшейтетін, ал кіші компанияларды біріктіретін консолидация заңдары іске қосылды. Сенімді банктік құрылымдардың қарамағындағы тек бірнеше ірі ойыншылар қалуы әбден мүмкін;
- қорландыру тұрақты базасы лизингтік компаниялар дамуында негізгі роль атқарады. Қазіргі кезде клиенттер қысқа мерзім ішінде нақты қаржыландыру жасай алатын лизинг берушілерге белсенді түрде өтуде. Нарықта көбінше бұрын мақұлдаған несиелік желісі іске асырылуда, жаңадан тартылған ұзақ мерзімді банктік қаржыландыру туралы жаңалықтар өте сирек кездеседі;
- экономикалық жағдайдың біршама тұрақтанғанына, KazPrime ставкасы мен ҚР ҰБ ставкасының төмендеуіне қарамастан, лизинг алушылар үшін банктерге тартылатын қаржы құны төмендемеді.

Сонымен, қазіргі жағдай лизингтік қызметтің қарқынды өсуіне себеп болып тұр.

24. Эмитент жасаған және кейін нәтижесінде осы эмитенттің қызметіне айтарлықтай ықпал ете алатын контракттар, келісімдер туралы мағлұматтар.

Эмитент жасаған және кейін нәтижесінде осы эмитенттің қызметіне айтарлықтай ықпал ете алатын контракттар, келісімдер жоқ.

25. Эмитент өз қызметін жүзеге асыру үшін алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар туралы мағлұматтар. Осы құжаттардың берілген күні және нөмірі, жарамдылық мерзімі және сол құжатты берген орган.

«БРК-Лизинг» АҚ-ның қызметі лицензиялауға жатпайды, сондықтанда эмитенттің өз қызметін жүзеге асыруы үшін лицензиясы, патенттері, рұқсаттары жоқ.

26. Соңғы екі жыл ішінде немесе іс жүзінде қызмет ету кезеңінде сатылған өнімдер (жасалған жұмыс, қызмет) көлемі қабылданған физикалық немесе сандық өлшем бірліктерінде.

Эмитенттің соңғы екі жыл ішінде немесе іс жүзінде қызмет ету кезеңінде сатылған өнімдер (жасаған жұмыс, қызмет) көлеміндегі өзгерістердің талдауы.

Қызметтер көлемі	2008 жыл	2009 жыл
Қаржыландыруы мақұлданған жобалардың сомасы, млн.теңге	59 682	70 364
«БРК –Лизинг» АҚ-ның қатысуы, млн.теңге	25 523	29 033
Толық қаржыландырылған мәмілелер саны	18	29
Лизингтік портфель көлемі, млрд. теңге	18,6	20,9


Лизингтік портфель

2010 жылғы 01-ші қаңтардағы ахуал бойынша «БРК-Лизинг» АҚ-ы жалпы сомасы 70 364 млн.теңге болатын 42 жобаны қаржыландыруды мақұлдаған. Мақұлданған жобаларға «БРК-

Лизинг» АҚ-ның қатысуы 29 033 млн.теңгені құрайды, оның ішінде «Тоқыма өнеркәсібі» пилоттық кластерінің шеңберінде «қоза өсіру, тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін техникалар мен жабдықтардың лизингін ұйымдастыру» 010 республикалық бюджеттік бағдарлама аясында құны 21 037 млн.теңге болатын 11 жоба бар, ал «БРК-Лизинг» АҚ-ның қатысу үлесінің сомасы 8 056 млн.теңге. Компания толығымен 29 лизингтік мәмілелерді қаржыландырды, бұлар бойынша жобалардың сомасы 25 681 млн.теңгені құрайды, ал қаржыландыру сомасы 13 295 млн.теңгені құрайды. 2010 жылғы 01-ші қаңтардағы ахуал бойынша лизингтік портфельдің көлемі 20,9 млрд.теңгені құрайды.


2010 жылғы 01-ші қаңтардағы ахуал бойынша мақұлданған лизингтік мәмілелер бойынша лизингтік қаржыландырудың орташа өлшенген мерзімі 7 жылды құрайды, лизингтік қаржыландырудың орташа өлшенген ставкасы – 11,05%, лизингтік қаржыландырудың орташа көлемі 682 млн.теңге.

Мақұлданған инвестициялық жобалардың салалық құрылымы, %



Қазақстанның жекелеген аумақтарын кешенді түрде дамыту және оларды Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға қатыстыру мақсаттарында Компания Қазақстанның дерлік барлық аймақтарында лизингтік қаржыландыруды жүзеге асырады.

Мақұлданған инвестициялық жобалардың аймақтық құрылымы, %



2010 жылғы 1-ші қаңтардағы ахуал бойынша қаржыландыруға қабылданған жобалардың құрылымында тоқыма өнеркәсібі, көлік пен байланыс басымдыққа ие.

«БРК-Лизинг» АҚ-ның негізгі бағыты болып халықаралық маңызға ие серпінді жобаларды; жоғары қосымша құны бар өнімдерді шығаратын өндіріспен байланысты технологиялық түрде байланысқан тізбектерді қалыптастыратын, қазақстандық өндірушілердің әлемдік нарыққа шығуы тұрғысынан перспективалы жобаларды іске асыру болып табылады.

«БРК-Лизинг» АҚ-ның қызметтері орта және ірі бизнеске арналған, лизинг мерзімі 15 жылға дейін жетеді, сыйақы ставкасы отандық кәсіпорындар үшін тартымды болып табылады.

010 республикалық бюджеттік бағдарлама аясындағы қызметі туралы ақпарат

2010 жылғы 1-ші қаңтардағы ахуал бойынша мақұлданған жобалар ішінде 010 республикалық бюджеттік бағдарлама аясында жалпы құны 21 037 млн.теңге болатын 11 жоба бар, «БРК-Лизинг» АҚ-ның қатысу үлесінің сомасы 8 056 млн.теңге: оның ішінде шамамен 475 млн.теңге ауылшаруашылық техникасының паркін жаңартуға және 7 581 млн.теңге иірілген жіпті, тоқыма бұйымдарын, маталарды, спорттық және балалар киімдері дайын бұйымдарын шығару бойынша жаңа өндірісті құру арқылы тоқыма өнеркәсібін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, 010 республикалық бюджеттік бағдарлама аясында «Оңтүстік» АЭА аумағында келесі жобалар орналасқан және қызмет етеді:

- «Экспортқа бағытталған гигроскопиялық мақта, мақта шикізатынан мақта целлюлозасы мен техникалық карбоксиметилцеллюлозасының өндірісін ұйымдастыру»;
- «Кешенді автоматтандырылған жіп иіретін фабриканы ұйымдастыру».

2009 жылдағы қызмет туралы ақпарат

Сонымен қатар, 2009 жылы қаржыландыруда жалпы сомасы 36 264 млн.теңге болатын 11 жоба болды, «БРК-Лизинг» АҚ-ның қатысу үлесі 12 916 млн.теңге.

2009 жылы «БРК-Лизинг» АҚ-ның қатысуымен ҚР-ның түрлі аймақтарында жүзеге асырылған бірнеше жобалар қаржыландырылды, атап айтар болса:

– болат панельді радиаторлардың өндірісін ұйымдастыру бойынша инвестициялық-инновациялық жоба. Өнімді шығару бойынша технологиялық желі заманауи құрал-жабдықтарды шығаратын ірі италияндық өндірушіден алынды. Италияндық жабдық жоғары технологиялық және толықтай автоматтандырылған болып табылады. Сонымен қатар, болат панельді радиаторлар үшін лак және бояу жабынын жеткізу бойынша серіктес болып әлемге танымал «BASF» компаниясы табылады.

Осы импортты алмастыруға және экспортқа бағытталған өндіріс өнімді тұтынушыларды еуропалық сапамен қамтамасыз етеі және ең алдыңғы еуропалық стандарттарға сәйкес болады;

– Оңтүстік Қазақстан облысында жоғарғы кернеу трансформаторларының өндірісі. Жүзеге асырылған жоба дайын экспортқа бағытталған өнімдердің жаңа позицияларын шығаруды орнықтыруды қарастырады. Техникалық қайта жабдықтау бойынша жоба шеңберінде «БРК-Лизинг» АҚ-ы «Soenen (Бельгия), Lae, Taiss, Euromac (Италия), Huebers (Германия), Tuboly (Швейцария) фирмаларының жоғары технологиялық жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды;

– Ақмола облысының Шортанды ауданындағы уату-сұрыптау зауыты. Зауыттың негізгі өнімі жол құрылысына, сондай-ақ өнеркәсіп және азаматтық құрылысқа арналған текше тәрізді қиыршық тастар болып табылады. Зауыт әлемнің алдыңғы қатарлы өндірушісі «MetsoMinerals, Ink» (Финляндия) компаниясының жабдықтарымен жабдықталған;

– Солтүстік Қазақстан облысында болат құбырларды өндіру зауыты. Жаңа зауыт өнімінің негізгі түрі болып су-газ жүргізетін болат құбыр табылады: бұл құбырлар дөңгелек, диаметрі 102-219 мм, қабырғаларының қалыңдығы 4-6 мм, шаршы пішінді, өлшемі 80x80 және 100x100 мм. Бұл зауыт ҚР-дағы диаметрі 159мм-ден асатын болат шаршы құбырлар мен дөңгелек құбырларды өндіретін жалғыз кәсіпорын болып табылады. Бұл кәсіпорын өз өнімдерін Қазақстанда және ТМД мемлекеттерге жеткізетін болады.

27. Эмитенттің қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар.

Қоғамның кірістілігіне оң ықпал ететін негізгі факторлар:

- ✓ мемлекеттің ынталандыруы;
- ✓ қаржыландыру көздері мен аспаптарының диверсификациясы;
- ✓ бизнес-процестерді оңтайландыру (IT технологияларды жетілдіру және басқаруды автоматтандыру);
- ✓ лизингтік қызмет көрсету нарығының инфрақұрылымын дамыту (ӨК, ЕДБ, сауда және заңды делдалдар);
- ✓ икемді тарифтер жүйесі мен қызметтерге деген бағаның құрылуы;
- ✓ қарыз қоржынының өсуі;
- ✓ теңге девальвациясы қарқынының төмендеуі;
- ✓ активтер құрылымында табысты активтер үлесінің артуы.

Қоғамның кірістілігіне теріс ықпал ететін негізгі факторлар:

- ✓ Лизингтік нарыққа шетел компанияларының келуі;
- ✓ Заемдардың жоғары шоғырлануы;
- ✓ Лизингтік қызмет бойынша нарықтық пайыздық ставкалардың төмендеуі;
- ✓ Қоғам бизнесінің кеңеюіне байланысты әкімшілік шығындардың артуы.

28. Эмитенттің өз өнімін (жұмысын, қызметін) сатуды ұйымдастыру бойынша қызметі.

Бұл тармақта эмитенттің негізгі жабдықтаушылары мен тұтынушылары туралы, эмитенттің қазіргі жабдықтаушылар мен тұтынушылардан тәуелділік деңгейі туралы мағлұматтар көрсетіледі, оның ішінде:

3) барлық жеткізулердің жалпы көлемінің он және одан да көп пайызы сай келетін эмитент жабдықтаушыларының атаулары мен орналасу орындары, олардың пайыздық көрсеткіштердегі үлестерін көрсету керек. Осы көздердің болашақта қаншалықты қолжетімді болатындығы туралы болжаулар ұсынылуы керек:

№	Лизинг мәнін жабдықтаушының атауы	Орналасу орны	Лизинг мәндерін жеткізудің жалпы көлемінің үлесі
1	«Азовмаш» ААҚ-ы	Украина	12,21%
2	«RieterMashine Works Ltd» Компаниясы	Швейцария	13,02%
3	«Торговый Дом Азовобщемаш» ЖАҚ	Украина	12,89%

Жеткізушілер құрылымы

Жеткізушілер құрылымында мынадай тенденция байқалуда. Қытайда өндірілген техникалар мен көліктерге, сонымен бірге ЕҚ елдері мен АҚШ-та өндірілген құрал-жабдықтарға деген сұраныстың артуы ұлғаюда. Лизинг нарығында негізгі ойыншы болып келген Ресей компаниялары өз тұғырларынан таюда. Сонымен бірге, қазақстандық компаниялардың өз бәсекелестік артықшылықтары бар: техниканы қазақстандық сұранысқа қарай бейімдеу мүмкіндігі, түрлі қаржы аспаптарымен жұмыс істеуге дайын болуы, төменгі баға және жеткізу мерзімінің қысқа болуы. Батыс жеткізушілері ұзақ мерзімді қаржыландыруға және өндіруші елдің қаржылық ресурстарын тарту мүмкіндігіне үміт артады. Отандық лизинг нарығының дамуының тағы бір дәлелі болып азық-түлік сызығының кеңеюі және мәміле құрылымының күрделенуі табылады, осылайша кейбір компаниялар қаржы лизингімен қатар операциялық лизинг те ұсынады. Бұл операциялық лизингтер негізгі қорлардың құнын қаржыландыру деген ғана емес, сонымен бірге лизинг мәніне қызмет көрсету және оны тиісті күй-жайда ұстап тұруға бағытталған түрлі қызметтер кешенін де білдіреді.

4) үлесітеріне эмитенттің өнімдерін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатудан түсетін жалпы түсімдердің он және одан да көбірек пайызы келетін тұтынушылардың атаулары және орналасу орындары, сатудың жалпы көлеміндегі олардың үлесін пайыздық мәнде көрсете отырып. Эмитенттің өнімдерін (жұмыстарын, қызмет көрсетуін) сатуға ықпал ететін ықтимал теріс факторлар көрініп келеді:

Үлестеріне қаржы лизингі бойынша қызмет көрсетудің жалпы көлемінің он және одан да көбірек пайыздар келетін лизинг алушылар жоқ.

29. Эмитенттің қызметіне ықпал ететін негізгі факторлар:

2) эмитент қызметінің маусымдық болуы, эмитент қызметінің маусымдық сипатқа ие түрлері, және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесі.

Қоғам қызметінің негізгі түрі болып лизингтік қызмет көрсету табылады және олар өз мәні бойынша маусымдық сипатқа ие емес. Алайда, экономиканың түрлі салаларында қызмет ететін қарыз алушылардың жекелеген категориясының қажеттіліктері кейбір маусымдық сипатқа ие. Дегенменде, қарыз алушылардың қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерінің маусымдық болуы Қоғам қызметіне айтарлықтай ықпал етпейді, себебі бұл маусымдық сипат реттеліп отырады.

5) Эмитентке жеткізіліп жатқан (көрсетіліп жатқан) шикізаттың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) жалпы көлеміндегі импорт үлесі және эмитент экспортқа сатып жатқан өнімнің (жұмыстың, қызметтің) үлесі, сатылып жатқан өнімдердің жалпы көлемінде:

Қоғам жақын және алыс шетелден техниканы импорттауда. Эмитентке жеткізіліп жатқан лизинг мәндерінің импорт үлесі 81% құрайды, шетелде эмитентке беріліп жатқан қаржы лизингінің үлесі қаржы лизингі бойынша қызмет көрсетудің жалпы көлемінде 1,5% құрайды.

6) облигация шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы (жасалулары) немесе орындалуы (орындалулары) керек мәміле (мәмілелер) туралы мағлұмат, егерде осы мәміле (мәмілелер) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асатын болса:

Көлік-экспедиторлық қызметтер көрсету үшін теміржол вагон-цистерналар паркін сатып алу, қаржыландыру сомасы 43 711 100 АҚШ долл. құрайды.

7) болашақ міндеттемелер. Эмитенттің негізгі болашақ міндеттемелері көрініп келеді және осы міндеттемелер эмитент қызметіне теріс ықпал етуі мүмкін, оның ішінде эмитенттің өзге эмитенттердің облигациялары бойынша, үшінші тараптардың қамсыздандырылған кепілдері бойынша кепілдері, оның ішінде осындай эмитент туралы, облигациялар саны, кепілдік шарттары, өтеу күні және кепілді шығару валютасы туралы ақпаратта бар:

Компанияның негізгі болашақ міндеттемелері бұл тартылған заемдар бойынша міндеттемелері, олар 01.10.2010ж. ахуал бойынша шамамен 27 320 056,66 теңгені құрайды. Бұл міндеттемелер эмитент қызметіне теріс ықпал етпейтін болады.

8) эмитенттің сот процестеріне қатысуы туралы мағлұмат. Эмитенттің қатысумен болып жатқан және солардың нәтижесі бойынша эмитент қызметін тоқтатуы немесе шектеуі мүмкін,

оған ақшалай және өзге де міндеттемелердің жүктелуі мүмкін сот процестерінің мәніне сипаттама беру:

Қоғам олардың нәтижесі бойынша Қоғам қызметін тоқтатуы немесе шектеуі мүмкін, оған ақшалай және өзге де міндеттемелердің жүктелуі мүмкін сот процестеріне қатыспаған.

9) құзырлы мемлекеттік органдар және/немесе сот соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына салған әкімшілік шаралардың барлығы туралы мағлұмат. Шара қолдану күнін, шара қолданған органды, шара себептерін, шара түрі мен мөлшерін, сонымен қатар шараның орындалу деңгейін көрсету керек;

Қоғамға әкімшілік шаралар қолданылмаған.

10) тәуекел факторлары. Облигация ұстаушылар ұшырауы мүмкін тәуекел факторлары туралы егжей-тегжейлі талдау ұсыну:

Лизинг нарығында қалыптасып жатқан жағдайға байланысты Компанияда тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс күшейтілді, тәуекелдерді жүзеге асыру салдарын кішірейту бойынша шаралар қолданылды. Тәуекелдерді басқару жүйесі Компанияны корпоративті басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады, лизингтік қызмет көрсетудің негізінде орналасады, және операциялық қызметтің едәуір элементі болып табылады. Компанияға қызметіне тән негізгі тәуекелдер ішіне мыналар кіреді: несиелік тәуекел, өтемпаздықты жоғалту тәуекелі, нарық тәуекелі, оның ішіне пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және баға тәуекелі кіреді.

Тәуекелдерді басқару бойынша Компанияның ережелері мен процедуралары

Тәуекелдерді басқару бойынша ықпалды және тиімді саясатты қамтамасыз ету үшін Компанияда Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат бекітілген.

Компанияда Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат аясында тиісті тәуекелдерді бағалау және басқару тәртібі мен процедураларын реттейтін ішкі құжаттар әзірленген және қабылданған.

Несие тәуекелі

Компания бір лизинг алушыға немесе одақтасқан лизинг алушылар тобына, сонымен қатар, салалық және географиялық сегменттерге қатысты ең төменгі тәуекел сомасын анықтау арқылы өзінің несиелік тәуекел деңгейін бекітеді.

Компания жекелеген лизинг алушылардың ахуалына тұрақты мониторинг жүргізіп отырады және тұрақты негізде өз клиенттерінің төлей алу қабілеттерін қайта бағалап отырады. Қайта бағалау процедурасы клиенттің соңғы қаржылық есебіне немесе клиенттің өзі берген немесе Компанияның өзі басқа да тәсілдермен алған басқа да ақпараттардың талдауына негізделеді.

Өтемпаздық тәуекелі

Компания Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес міндеттемелерді өтеу мерзімі келген жағдайда барлық міндеттемелерді орындау үшін қажет ақша қаражатының үнемі болуын қамтамасыз ету мақсатында өтемпаздықтың қажетті деңгейін ұстап отырады.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелін басқару міндеті болып нарық тәуекеліне ұшырау деңгейі ұтымды параметрлардың шегінен асып кетпеуін басқару және қадағалау табылады, бұл ретте жасаған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ету керек.

Компания жекелеген қаржы аспаптары бойынша, пайыздық ставкалардың мерзімдерін өзгерту, валюталық позицияға байланысты, шығын лимиттері және оларды ұстап тұру бойынша тұрақты мониторинг жүргізу бойынша портфель мәніне қатысты ашық позициялар бойынша лимиттерді бекіту арқылы нарық тәуекелін басқарып отырады.

Компания бүгінгі таңға дейін үлестік құнды қағаздарға салым жасамағанын назарға алатын болсақ, баға тәуекелі жоқ болып табылады.

Пайыздық ставкалардың өзгеру тәуекелі

Компанияның пайыздық тәуекелдерді басқаруға қатысты саясатының негізгі мақсаты мен міндеті пайыздық тәуекелдерді бекітілген параметрларда ұстай отырып, өтеу көлемі мен мерзімі бойынша сезімтал активтер мен сезімтал міндеттемелер арасында тепе-теңдікті сақтай отырып пайыздық кірістер мен пайыздық шығындардың тиімді арақатынасын қамтамасыз ете отырып пайыздық тәуекелдерді табыстылық және өтемпаздық аясында азайту болып табылады.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекелді басқару теңгенің болжалды құнсыздануына және шетел валютасының айтарлықтай секіруі салдарынан Компания шығындарын азайтуға мүмкіндік беретін өзге де макроэкономикалық көрсеткіштерге сүйене отырып ашық валюталық позицияға мониторинг жасау арқылы жүзеге асады. Бұған қоса, Компания қызметінің ерекшелігін ескере отырып, қаржы лизингі туралы келісім-шарттарды лизингтік төлемдерді индексациялау қарастырылған және ол лизингтік мәмілелер бойынша валюталық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

11) эмитент қызметі туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асырып жатқан нарық туралы басқа да ақпарат.

Эмитент қызметі туралы, эмитент өз қызметін жүзеге асырып жатқан нарық туралы басқа да ақпараттар жоқ.

VI. Қаржылық ахуалы

ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

2009 жылғы 31-ші желтоқсандағы ахуал бойынша Компания активтерінің көлемі 35 561 млн. теңгені құрайды, оның ішінде лизингтік портфель активтері - 19 277 млн. теңге, ол 2010 жылғы 30 қыркүйекке дейін 22% немесе 5 505 млн. теңгеге ұлғайып отыр.

2009 жылғы 31-ші желтоқсандағы ахуал бойынша міндеттемелер көлемі 26 952 млн. теңгені құрап отыр, ол 2010 жылғы 30 қыркүйекке дейін 1 730 млн. теңгеге немесе 6% артып отыр. Компания міндеттемелерінің құрылымының өзгеруі лизингтік жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында заемдық қаражаттарды тартуға байланысты болып отыр.

2009 жылғы 31-ші желтоқсандағы ахуал бойынша Компанияның өз капиталы 8 609 млн. теңгені құрап отыр, ол 2010 жылғы 30 қыркүйекке дейін 525 млн. теңгеге немесе 5% артып отыр.

31. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан да көбірек пайызын құрайтын материалдық емес активтердің түрлері.

Материалдық емес активтер динамикасы, мың теңге

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	01.10.10ж.
Бастапқы құны	19 421	25 639	25 683	26 293
Бастапқы тозуы	3 683	8 650	13 255	16 645
Қалдық құны	15 738	16 989	12 428	9 648

01.10.10ж. ахуал бойынша материалдық емес активтер құрамы, мың теңге

Атауы	Бастапқы құны	Бастапқы тозуы	Қалдық құны
Бағдарламалық қамсыздандыру	26 293	16 645	9 648
Жалпы	26 293	16 645	9 648

37. Баланстық құны негізгі қаражаттардың жалпы баланстық құнының бес және одан да көбірек пайызын құрайтын негізгі қаражаттардың түрлері.

Негізгі қаражаттар динамикасы, мың теңге

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	01.10.10ж.
Бастапқы құны	52 736	64 060	68 863	71 587
Бастапқы тозуы	15 163	27 538	41 129	49 547
Қалдық құны	37 573	36 522	27 734	22 040

01.10.10ж. ахуал бойынша негізгі қаражаттар құрамы, мың теңге

Атауы	Бастапқы құны	Бастапқы тозуы	Қалдық құны	Нег. қараж-тың баланстық құнының үлес салмағы
Компьютерлік жабдықтар	31 426	21 579	9 847	44,7%

Атауы	Бастапқы құны	Бастапқы тозуы	Қалдық құны	Нег. қараж-тың баланстық құнының үлес салмағы
Офистік жиһаз және бұйымдар	17 099	13 540	3 559	16,2%
Көлік құралдары	14 591	8 213	6 378	28,9%
Басқасы	8 471	6 215	2 256	10,02%
Жалпы	71 587	49 547	22 040	100%

38. Инвестициялар.

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша Компанияның инвестициялық портфельі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік облигацияларынан және ВВ- -тан ВВ+-ке дейінгі рейтингісі бар корпоративті облигациялардан құралды.

2009 жылы Компания өтеу мерзіміне дейін ұсталып тұрған инвестиция портфельдерін сату үшін ұсталып отырған активтерге толығымен қайта жіктеп тастады. 2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша, сату үшін ұсталып отырғандар: 68,1% - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік облигацияларын және 31,9% - корпоративті облигацияларды құрады, жалпы сомасы 2 276483 мың теңге.

01.10.2010ж. ахуал бойынша инвестициялық портфель құрылымы

Инвестиция атауы	Сомасы, мың теңге	Үлес.салмағы (%)
Сатуға арналған инвестициялар:		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік облигациялары	1 549 194	68,1%
ВВ- -тан ВВ+-ке дейінгі рейтингісі бар корпоративті облигациялар	727 289	31,9%
Жалпы	2 276 483	100%

39. Қаржыны жалға алу және басқа да дебиторлық берешектер.

Компанияның негізгі қызметі Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамыту стратегиясын жүзеге асыруда лизингтік операцияларды жүзеге асыру, сонымен қатар, экономиканың өндірістік секторында лизингті ынталандыру. Компания орта мерзімді (3 жылдан 10 жылға дейінгі) және ұзақ мерзімді (10 жылдан 20 жылға дейінгі) лизингтік жобаларға лизингтік қаржыландыруды жүзеге асырады. Басқа да дебиторлық берешектер құрамына қаржылық жалға беру үшін құрал-жабдықты жеткізушілерге аванстық төлемдер және өзге де аванстық төлемдер кіреді.

2008 жылғы 31-желтоқсандағы ахуал бойынша дебиторлық берешектер құрамына «кері РЕПО» операциялары бойынша дебиторлық берешектер сомасы кірген болатын. Бұл операция Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құнды қағаздарымен әділ құны бойынша 1 405 031 мың теңге болып қамтамасыз етілген болатын.

Қаржылық жалдау және өзге де дебиторлық берешектер динамикасы, мың теңге

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл*	01.10.10ж.
Қаржылық жалдау	3 261 141	10 345 167	19 276 890	24 782 151
Жабдықты жеткізушілер және басқа да аванстық төлемдер	3 946 351	4 044 778	483 951	1 627 858
«Кері РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық берешек	-	1 405 031	-	-
Жалпы	7 207 492	15 794 976	19 760 841	26 410 009

*2009 жыл бойы Компания қаржылық жалдау бойынша келісім-шарттардың шарттарын өзгертті, өйтпеген жағдайда қаржылық жалдаудың мерзімі өтіп кетер еді немесе құнсызданар еді, оның жалпы сомасы 6 985 154 мың теңгені құрады (2008ж.: нөл).

Қаржылық жалдау бойынша келісім-шарттар басым бөлігінде Қазақстан Республикасы аумағында қызмет ететін клиенттермен жасалды.

Қаржылық жалдау, мың теңге

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	01.10.10ж.
Ең төменгі жалдау төлемақылары	4 056 684	13 547 467	24 364 595	30 302171
Болашақ кезеңдердегі кірістерді шегере отырып	795 543	3 005 378	4 033 020	4 460240
Құнсызданған резервтерді шегере отырып	-	196 922	1 054 685	1 059 780
Қаржылық жалдауға деген таза инвестициялар	3 261 141	10 345 167	19 276 890	24 782 151

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша дебиторлық берешектер мынаны құрайды - 26 410 009 мың теңге, дебиторлық берешектің 5% – 1 320 500 мың теңге құрайды.

Деб. берешектің жалпы сомасының 5%-ы көлемінде деб. берешектері бар ұйымдар туралы мағлұмат, мың теңге

Атауы	Орналасу орны	Берешек түрі	Сомасы	Өтеу күні
«Исткомтранс» ЖШС-і	Алматы қ-сы, Достық даңғ., 250, офис 11	Қаржы.лизингі	1 268 011	17.11.2016ж.
«Промстройсистема» ЖШС-і	Алматы қ-сы, Қабанбай батыр көш-сы, 55-үй, 28-пәтер	Қаржы.лизингі	3 038 044	07.02.2018ж.
«Центр транспортных услуг» АҚ-ы	Астана қ-сы, Пушкин көш-сі, үй 110/1	Қаржы.лизингі	2 326 025	17.02.2019ж.
«Oxytextile» ЖШС-і	ОҚО, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Бекжанов көш-сі, 3-үй	Қаржы.лизингі	3 629 076	10.09.2020ж.

33-1. Эмитенттің міндеттемелерінің қамсыздандырылуы болып табылатын, сонымен қатар әрбір активтің құнын және тиісті шарттың күші аяқталатын күнді көрсете отырып сенімді басқаруға берілген эмитенттің активтері туралы мағлұмат.

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша Компанияда Компания міндеттемелерінің қамсыздандырылуы болып табылатын активтер немесе басқаруға берілген активтер жоқ.

40. Бұл бөлімде эмитенттің жарғылық және өз капиталының көлемі көрсетіледі.

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша Компанияның жарғылық капиталы 8000 млн. теңгені құрайды, эмитенттің өз капиталының көлемі 9 133 млн. теңгені құрайды. Бұл ретте, өз капиталының құрылымында 1 128 млн. теңге, немесе 12% үлестірілмеген табыс сомасын құрайды.

Компанияның жарғылық капиталы 160 000 дана қарапайым акциялардан тұрады. Компанияның барлық қарапайым акциялары теңдей құқыққа ие.

Акция түрі	Саны, дана	Шығару сомасы, т,г	Мем.тіркеу күні	Орналастыру нәтижелері туралы есептің бекітілген күні
Қарапайым	160 000	8 000 000 000	05.10.2007ж.	02.04.2008ж.

41. Займдар.

Эмитент өзінің қызмет жасауы барысында оң несиелік тарих қалыптастырды. 2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша Компанияның кредиторы «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы аналық компаниясы.

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша Эмитенттің займдары бойынша ұзақ мерзімді берешектер сомасы KZT-те 5 080 млн. теңгені құрайды, USD-да 17 909,5 млн. теңге және

EURO-да 1 739,8 млн. теңгені құрайды. Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелері KZT-те 1,1 млн. теңге, USD-да 2 797,2 млн. теңге және EURO-да 292,6 млн. теңгені құрайды.

01.10.10ж. ахуал бойынша банк заемдарының түсіндірмесі, мың теңге

Кредитор	Заем валютасы	% ставка	Өтеу күні	Сомасы
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы	USD	6,57%	17.04.2021	3 814 701
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы	KZT	0,5%	14.09.2021	5 081 129
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы	USD	6,95%	13.07.2019	6 431 424
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы	USD	8,82%	14.12.2019	9 488 494
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы	EUR	8,375%	21.12.2017	2 032 460
«Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ы	USD	6 ай Libor+6.6%	23.04.2020	972 096
Жалпы				27 820 304

01.10.10ж. ахуал бойынша заемдарды өтеу кестесі, млн.теңге

Заем валютасы	IV тоқсан 2010 ж.	I тоқсан 2011 ж.	II тоқсан 2011 ж.	III тоқсан 2011 ж.	IV тоқсан 2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
KZT		1,1				-	-	-
USD	1 473,0	94,2	337,8	892,3	1 112,2	2 447,8	2 447,8	2 447,8
EUR	292,6				248,6	248,6	248,6	248,6

Заем валютасы	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Барлығы
KZT	-	-	-	-	-	-	5 080,0	5 081
USD	2 447,8	2 447,8	2 447,8	664,8	664,8	443,4	337,8	20 707
EUR	248,6	248,6	248,6	-	-	-	-	2 032
Барлығы								27 820

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-да 45 млн. АҚШ долларына несие желісі ашылған.

42. Эмитенттің негізгі қызметін жүргізумен байланысты несиелік берешектері (жеткізушілер алдындағы берешектері, алынған аванстар).

Несиелік берешек динамикасы, мың теңге

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	01.10.10ж.
Қаржылық жалдауға беріп жатқан жабдықты жеткізушілер	71 045	916 527	293 563	211029
Өзге де жеткізушілер	6 576	5 144	119	6684
Кәсіпқой қызметтер	4000	4 600	7 842	1750
Басқасы	1 012	36	381	1698
Аванстар	1 046 270	2 375 058	892 277	541 093
Жалпы	1 128 903	3 301 365	1 194 182	762 254

2010 жылғы 01-ші қазандағы ахуал бойынша несиелік берешек – 762 254 мың теңгені құрайды, несиелік берешектің 5 %-ы – 38 113 мың теңгені құрайды.

Несие. берешектің жалпы сомасының 5%-ы көлемінде несие. берешектері бар ұйымдар туралы мағлұмат, мың теңге

Атауы	Орналасу орны	Берешек түрі	Сомасы	Өтеу күні
"GLOTUR DS Multimedia" АҚ-ы	Алматы қ-сы, Медеу ауданы, Алатау кенті, Ибрагимов көш-сі, 9	Жойылған лизингтік мәміле бойынша берешек	74 969	Талап еткенге дейін
«Porto com» ЖШС-і	Астана қ-сы, Қабанбай батыр көш-сі 29 оф.1	Лизингтік мәміле бойынша лизинг алушының қатысу сомасы	108 934	Қараша 2010ж.
Нимэкс Текстиль	Өскемен қ-сы, Текстильщик көш-сі, 1	Лизингтік мәміле бойынша лизинг алушының қатысу сомасы	58 442	Талап еткенге дейін
ТОО «Стройинвест» ЖШС-і	Шымкент қ-сы, Қапал Батыр көш-сі (Ленгир тас жолы) 5 км, н/ү	Лизингтік мәміле бойынша лизинг алушының қатысу сомасы	83 558	Қыркүйек 2011ж.
«Илийский картонно-бумажный комбинат» АҚ-ы	Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеев көш-сі, 10	Лизингтік мәміле бойынша лизинг алушының қатысу сомасы	188 744	Желтоқсан 2010ж.

36-1. Соңғы аяқталған үш қаржы жылында эмитент тапқан (ұшыраған) таза кіріс (шығын) мөлшері (осы үш жылдың әрбір жылының нәтижесін көрсете отырып).

мың теңгемен

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл
Бір жыл ішіндегі табыс:	235 153	199 547	152 464

36-2. Левередж.

Атауы	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	01.10.10ж.
Левередж:	1,35	2,65	3,13	3,14

36-3. Аудиторлық есеппен расталған эмитенттің қаржылық есептілігіне сәйкес оның соңғы аяқталған екі қаржы жылының біреуі бойынша эмитенттің қызметінен түскен ақша қаражатының таза ағымы көрсетіледі.

мың теңгемен

Атауы	2009 жыл
Операциялық қызметтен келген қаражат қозғалысы	2 267 255
Инвестициялық қызметтен келген қаражат қозғалысы	-1 170 640
Қаржылық қызметтен келген қаражат қозғалысы	3 163 758
Жалпы ақша қаражатының таза ағымы:	4 260 373

VII. Құнды қағаздар шығару туралы мағлұмат

37. Облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің эмиссиялық құнды қағазының барлық тіркелген шығарылымына қатысты, мыналар көрсетіледі:

1) жалпы саны, әрбір шығарылым бойынша облигациялар түрі мен нақтылы құны, сондай-ақ орналастыру кезінде тартылған жалпы ақша көлемі, негізгі қарыз сомасы, әрбір шығарылым бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы, өтеу күнін көрсетіп. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеген орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және осы шығарылым мемлекеттік тіркелген күн:

Бұрындары «БРК-Лизинг» АҚ облигация шығаруды мемлекеттік тіркеу жүргізбеген.

2) құрылтайшылар төлеген акциялардың жалпы саны, түрі және нақтылы құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған жалпы ақша сомасы. Соңғы күнгі шығарылым бағасын көрсетіп, айналымдағы, сатып алынған акциялар саны. Акцияларды сатып алу әдістемесі бекітілген күн. Шығарылымды мемлекеттік тіркеген орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі, осы шығарылым мемлекеттік тіркелген күн:

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі жарияланған акциялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеді, Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік 05.10.2007 жылы А5311 нөмерімен берілген. Шығарылым 160 000 дана қарапайым акцияларға бөлінген. Құрылтайшылар ұзын саны 160 000 дана акцияға 8 000 000 000 теңге төлеген, нақтылы құны 50 000 теңге, 160 000 дана акцияны орналастыру кезінде тартылған ақшалардың жалпы сомасы 8 000 000 000 теңгені құрайды. Айналымда жүрген акциялардың саны 160 000 дананы құрайды. Акцияларды Қоғам сатып алатын кезде «БРК-Лизинг» АҚ-ы акцияларының құнын анықтау әдістемесі Жалғыз акционердің шешімімен 05.07.2007 жылы №81 болып бекітілген.

3) эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша сыйақылар (төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру), оның ішінде орындалмаған міндеттемелер көлемі және осылардың орындалуын кешіктіру мерзімі, құнды қағаздар бойынша (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке) есептелген бірақ төленбеген сыйақы сомасы туралы ақпарат:

Қарапайым акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу күнінен бастап акциялар бойынша дивидендтер есептелмеген.

4) бағалы қағаздардың қандай да бір шығарылымы тоқтатылған немесе болған жоқ деп танылған жағдайларда, осындай шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, сол шешімді қабылдау негізі мен күні көрсетіледі:

4-ші тармақта көрсетілген дәйектер жоқ.

5) әрбір тіркелген шығарылым бойынша сыйақыларды төлеген күні, төленуі керек сомалар, сатып алу күндері мен әрбір шығарылым бойынша өтелген кезде төленген сомалар:

«БРК-Лизинг» АҚ-ы шығарылған облигацияларды мемлекеттік тіркемеген.

6) соңғы екі қаржы жылының әрбірі бойынша немесе іс-жүзінде қызмет еткен кезең бойынша бір акция (қарапайым, артықшылықты) үшін дивиденд мөлшері, есептелген дивидендтер сомасы мен төленген дивидендтер сомасын көрсете отырып:

Қарапайым акциялар бойынша 2008 және 2009 жылдардың нәтижесі бойынша дивидендтер есептелмеген.

7) эмитент бағалы қағаздарымен сауда-саттық жүргізілетін негізгі рыноктар, соның ішінде сауда-саттық ұйымдастырушыларының атаулары:

«БРК-Лизинг» АҚ-ның қарапайым акциялары ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында айналмайды.

8) ертеректе шығарылған облигациялардың әрбір түрінің ұстаушыларына беретін құқықтары, оның ішінде шектеуді (ковенант) бұзу кезінде іске асырылған және құнды қағаздарды ұстаушылармен жасасқан құнды қағаздарды сатып алу-сату келісім-шарттарында,

ұстаушылардың сол құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, қарастырылған құқықтар да бар:

«БРК-Лизинг» АҚ-ы бұрындары облигацияларды шығаруды мемлекеттік тіркемеген.

VIII. Қосымша ақпарат

41-1. Облигациялық бағдарламаларды мемлекеттік тіркеу кезінде мыналар көрсетіледі:

6) басталуы бойынша эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар және облигация ұстаушылар қандай жағдайларда облигациялардың мерзімінен бұрын өтелуін талап етуге құқықтары бар:

Облигациялар бойынша дефолт – сыйақыны және негізгі борышты төлеу мерзімі аяқталғаннан күннен кейінгі күннен бастап есептелетін 10 (он) жұмыс күні ішінде облигациялар бойынша купонды сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлемеу немесе толық төлемеу. Егер осы мерзім өткеннен кейін Эмитент өз міндеттемелерін орындамаса, облигацияларды ұстаушылардың барлық құқықтары мен олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

7) облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитент қолданатын шаралар, облигациялар бойынша сыйақылар төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау немесе дұрыс орындамау кезінде облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғау процедурасы:

Дефолт туындаған жағдайда, Эмитент облигация ұстаушыларына берешек сомасын төлейді, сонымен қатар, әрбір кешіктірілген күн үшін айыппұл есептеледі және бұл айыппұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру бойынша ресми ставкасына сүйене отырып ақшалай міндеттің орындалуы күні немесе оның тиісті бөлігі бойынша есептеледі.

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент дефолтты тудырған барлық себептерді жоюға және облигация ұстаушылардың құқықтарын қорғауға барынша күш салады.

Эмитент, егер кездейсоқ ойластырылмаған жағдайлар салдарынан туындауы мүмкін (апат, әскери әрекеттер және т.б.) жағдайлар бойынша өз міндеттемелерін жартылай немесе толық орындамаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Ойластырылмаған жағдайлар туындаған жағдайда, Эмитент осы проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар және олардың салдары орын алған уақытқа дейін шегеріледі.

Облигация ұстаушылар мына құқықтарға ие:

- Эмитентке міндеттемелерін орындау туралы жазбаша талап жолдауға. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 722-бабына сәйкес берешек сомасын эмитент облигация ұстаушы осындай талапты берген күннен бастап 30 күн ішінде қайтаруы тиіс;
- егерде көрсетілген мерзім ішінде (30 күнтізбелік күнде) Эмитент облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы жазбаша талап алған сәттен бастап оны қанағаттандырмаса немесе көрсетілген мерзімге дейін облигация ұстаушы оны қанағаттандыру туралы эмитенттен бас тарту алған болса, ол өзінің жағдайы бойынша эмитентке сотқа шағым жолдай алады;

8) эмитенттің облигация ұстаушыларға дефолт туындаған дәйектер туралы ақпарат жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдерінің толық сипаттамасы, бұл ақпаратта орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, сонымен қатар, облигация ұстаушылар өз дауларын қанағаттандыру бойынша ықтимал амалдарды қамтуы керек, оның ішінде эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе тиісті деңгейде орындамау жағдайында сонымен бірге ниеттес немесе субсидиарлық жауапкершілікке ие тұлғаларға талап жолдау тәртібі. Егерде көрсетілген ақпаратты таратуды эмитент басқа бір заңды тұлғаға берген жағдайда, сол заңды тұлғаның толық және қысқартылған атауы және орналасқан орны көрсетіледі:

Эмитент дефолт туындаған жағдайда облигация ұстаушыларға міндеттемелерін орындай алмайтындығы туралы хабарламаны «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның ресми сайты www.kase.kz арқылы және «БРК-Лизинг» АҚ-ның www.kdbl.kz сайты арқылы сыйақы және

облигацияның нақты құнын төлеу үшін оларды төлеу барысында бекітілген кезеңнің соңына дейін 3 (үш) күннен кешіктірмей орналастырады.

Хабарламада дефолттың туындау себебі, орындалмаған міндеттемелер көлемі және облигация ұстаушылар талаптарын қанағаттандыру бойынша амалдар тізімі көрсетілетін болады.

Ақпаратты жариялауды Эмитенттің өзі жүзеге асырады.

9) инфрақұрылымды облигация шығару барысында концессиялық шарт деректері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдеме беруі туралы қаулысы көрсетіледі:

Облигациялық бағдарлама аясында инфрақұрылымды облигация шығару қарастырылмаған.

10) регистратор атауы, оның орналасу орны, телефон нөмірлері, шарт күні мен нөмірі:

Облигация ұстаушылардың реестрін жүргізуді «Центр Дар» АҚ-ы жүзеге асырады, Лицензия № 0406200394 берілген күні 15.06.2005ж., Алматы қ-сы, Сейфуллин көш-сі, 565, пәтер 8., тел. 239 11 42.

Реестр жүргізу туралы шарт 08.12.2010г. № 102/534 болып жасалған.

42. Облигациялар айналымындағы шектеулер.

Облигациялар айналымындағы шектеулер, орнатылып жатқан облигацияларды ықтимал сатып алушыларға қатысты шектеулер, оның ішінде арасында орнатылуы көзделген тұлғалар шеңбері – қарастырылмаған.

43. Эмитенттің облигациялар шығарылымына жұмсаған шығындар сомасы және ондай шығындар қалай төленетіндігі туралы мәліметтер.

Облигацияларды шығарғаны және орналастырған үшін эмитент шығындарына мыналар жатады:

8. тәуелсіз тіркеушінің қызметтері.
9. KASE-нің листингтік алымдары, жарғылық және жыл сайынғы листинг алымдары облигацияның жалпы нақтыланған құнынан 0,025 пайыз мөлшерінде белгіленеді.
10. Маркет-мейкер қызметтері.
11. Андеррайтингтік қызметтер.
12. Аудит.
13. Рейтингтік агенттіктер.
14. Ірі сыйақы төлеу.

Шығындар нақты ақшасыз есеп айырысу негізінде Эмитенттің өз есебінен қызмет көрсетушілердің шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

44. Инвесторлар Эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымы проспектімен, облигацияларды орналастыру нәтижелері туралы есеппен таныса алатын жерлер, эмитент қызметі туралы ақпараттарды жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпарат.

Инвесторлар жарғы көшірмесімен және облигацияларды шығару проспектімен, облигацияларды орналастыру нәтижесі туралы есептермен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-ның сайтында: www.kase.kz адресі бойынша таныса алады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған құжаттарды инвесторларға «БРК-Лизинг» АҚ-ның орналасу мекен-жайы бойынша ұсына алады: Астана қ-сы, Д. Қонаев көшесі, үй 29/1.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



Избастин Каныш Темиртаевич

Тулепбергенова Алия Жумановна